

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ**  
**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ**  
**КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**  
**№\_3\_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

22. XII. 2022 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, доцент Амирбек А., АК мүшесі, PhD, академиялық персонал – Тажибаев Р., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Аралбеков Н., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Нариманова А. және кафедра оқытушы профессор құрамы.

**Күн тәртібі:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы** Амирбек А. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша желтоқсан айында атқарылатын жұмыстарды оқытушылар арасында талқылады. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау. Халықаралық қатынастар маманын қалыптастырушы атрибуттарды анықтау үшін жұмыс берушілер, түлектер және студенттердің пікірлері мен ұсыныстары, жүргізілген сауалнамалар, мамандық бойынша сабақ беруші ОПҚ пікірлері назарға алынып, сараптаудан өткізілді.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Тажибаев Р. алды:**

6B03138-Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты 2023-2024 оқу жылына жаңарту үшін Қазақстандағы, шетелдегі ең үздік БББ жүргізілген Әл Фараби Қазақ Ұлттық университеті, Л.Гумилев атындағы Еуразиялық университет, Лондонская школа Экономики и Политических наук, Harvard John F. Kennedy School of Government, МГИМО(Москва), Hacettepe University, Hacı Bayram Veli universitesi, Marmara universitesi таңдалды. Аталмыш университеттерде жүргізілген пәндер кафедра ОПҚ тарапынан зерделенгенін және кафедра тарапынан оқытылып жатқан негізгі пәндердің барлығына ұқсас пәндердің болғаны байқалды. Сонымен қатар Түркияның Мармара университетімен қос диплом беру талабына біздің БББ-да оқытылып жатқан пәндер толықтай жауап беру үшін қажетті түзету мен өзгертулер енгізілді.

2023-2024 Оқу жылына ББ жаңартуға ББ пәндерінің жалпы саны өзгереді. 2022-2023 оқу жылында БББ бойынша 44 пән оқытылуға ұсынылған болса, 2023-2024 оқу жылы үшін бұл сан 39-ға қысқарды. Бір-бірін қайталайтын, мазмұны жағынан бір-біріне жақын пәндер қысқартылды немесе біріктірілді. Бұл процесті жүзеге асыру барысында жоғарыда аты аталған жоғары оқу орындарының тәжірбиесінен пайдаланылды.


**Шешім:** Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау барысында ұқсас пән саны азалды, жаңадан пәндер қосылды. жұмыс берушілер, түлектер және студенттердің пікірлері мен ұсыныстары назарға алынып жаңа мазмұнды БББ дайындалып, ББ мақсаттары және оқыту нәтижелерін қайта қаралды. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылданын.

**Мәжіліс төрағасы:**



**Амирбек А.**

**Хатшысы:**



**Тажибаев Р.**